Меңдіқарадағы қасиетті бұлақ

Ол жайында не білеміз?



Меңдіқара ауданында қасиетті жерлер аз емес. Соның бірі Боровское ауылы маңындағы қалың қарағайлы орманның қойнауында ғасырлар бойы сарқылмай ағып жатқан қасиетті бұлақ.. Бұл жерді жергілікті жұрт ежелден киелі мекен санайды. Бұлақтың мөлдір де мұздай суының шипасы туралы әңгімелер ел арасында ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Сондықтан бұл орынға тек аудан тұрғындары ғана емес, еліміздің әр өңірінен, тіпті алыс-жақын шетелдерден арнайы келетіндер аз емес.

Бұлақ туралы естігендер ол жерді іздеп барып, суын ішіп, өзімен алып кетіп жатады. Әсіресе Қарабаев атындағы санаторийге келгендер таң-тамаша болып осы жерге барады. Қасиетті бұлаққа апарар соқпақтың өзі табиғаттың тылсым әлеміне жетелейтіндей әсер қалдырады.

Бұлақ басына келген адамдардың көбі алдымен мөлдір судан дәм татып, ыдыстарына құйып алады. Жылдың қай мезгілінде барсаңыз да, суы бірқалыпты ағып жатады. Қыстың қақаған аязына да бой бермей, ешқашан қатпайтын бұл қайнардың суын халық ерекше қасиетті деп есептейді. Бұлақтың айналасы ағашпен қоршалып, үстіне православие дәстүріндегі крест орнатылған. Бұлақтың өзінде де крест белгісі тұр. Сонымен бірге маңайында дұға мәтіндері мен діни жазулар жазылған тақталар орналасқан. «Крест қашан қойылды? Оны кім орнатты? Бұлақтың бастапқы тарихы қандай?» деген сұрақтар көпшілікті ойлантары сөзсіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, қасиетті бұлақтың тарихы бірнеше аңызбен сабақтасып жатыр.

Соның ең кең тарағаны өткен ғасырдың басындағы оқиғамен байланыстырылады. Ел аузындағы деректерге сүйенсек, 1911 жылы Боровское ауылында православие шіркеуі салынып, ол әулиелер Косьма мен Дамианның құрметіне аталған. Аңыз бойынша, сол кезеңде ауылда ауыр сырқатқа шалдыққан жас қыз өмір сүрген екен. Бір күні ол орман ішіндегі көлдің жағасында жүргенде екі ақ сақалды кісі аян беріп, осы бұлаққа шомылуды бұйырады. Олар өздерін Косьма мен Дамиан деп таныстырады. Қыз аянды орындап, бұлақ суына түскеннен кейін дертінен айығып кеткен деседі. Осы оқиғадан кейін бұлақ халық арасында қасиетті орын ретінде танылып, кейіннен «Косьма мен Дамианның кіші ғибадатханасы» деген атау алған. Православие дәстүрінде Косьма мен Дамиан адамдарды ақысыз емдеген әулиелер ретінде құрметтеледі. Сондықтан олардың есімімен байланысты мұндай аңыздардың қалыптасуы табиғи құбылыс саналады.

Өлкетанушылардың айтуынша, Солтүстік Қазақстан аумағындағы көптеген табиғи қайнарлар ерте заманнан-ақ киелі орын ретінде бағаланған. Су көзін қадірлеу – қазақ халқының ежелгі дүниетанымының ажырамас бөлігі. Сондықтан бұл бұлақтың тарихы православие дәстүрінен де ертерек кезеңдерге барып тірелуі әбден мүмкін. Алайда бұл мәселе әлі де терең ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Бұлақтың айналасын қоршаған ағаш құрылысы да ерекше әсер қалдырады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, қоршау бірде-бір темір шеге қолданылмай, ағаштардың ойықтарын өзара кіріктіру тәсілімен жасалған. Мұндай құрылыс әдісі бұрынғы шеберлердің ағаш өңдеу өнерін көрсетіп қана қоймай, табиғатпен үндес өмір салтын да аңғартады. Уақыт өте келе көлдегі су деңгейі бірнеше рет көтеріліп, бұлақтың көзі толықтай су астында қалған кездер де болыпты.

Алайда ауыл тұрғындары қасиетті мекенді қараусыз қалдырмаған. Су қайтқан соң бұлақтың көзін қайта аршып, ескі ағаштарды ауыстырып, балқарағайдан арнайы купель орнатқан. Осылайша киелі орын қайта қалпына келтіріліп, бүгінгі қалпына жеткен. Қазір бұлаққа апарар жол арнайы ағаш баспалдақпен жабдықталған. Бұл жерге келген адамдар баспалдақпен баяу көтеріліп, табиғат аясында тынығып, бұлақ басында дұға жасап, мөлдір судан ішуді дәстүрге айналдырған.

Адамдар бұл жерге тек су алу үшін ғана емес, жан тыныштығын іздеп келеді екен. Бірі денсаулығына шипа тілесе, енді бірі жүрегіндегі ауыр ойдан арылуды қалайды. Осындай қасиетті орындардың адамға рухани күш сыйлайтынына сенетіндер өте көп. Сондықтан бұл бұлақ халық үшін ерекше қастерлі мекен болып қала береді. Қасиетті бұлақтың нақты тарихы әлі толық зерттелмегенімен, оның халық жадындағы орны ерекше. Мұнда ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық таным, кейінгі діни дәстүрлер және табиғаттың қайталанбас сұлулығы тоғысқан.

Айтолқын ӘБДІЛДА,
Суретті түсірген автор